

АННОТАЦИЯ

6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

БОТАБАЕВ ГАЛЫМЖАН ЕРКЕБАЕВИЧ

«Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны».

Тақырыптың өзектілігі: Қазақстандық білім мен ғылымның маңызды міндеттерінің бірі – жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру болып табылады.

Осыны негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында диссертациялық зерттеу жұмысы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны оқытушының арнайы қабілетін дамытудың маңызды сапасы ретінде қарастырылды. Бұл мәселенің өзектілігі практикалық және теориялық сипаттағы себептермен анықталды. Студентті сол қалпында қабылдау және өзара әрекеттестік бойынша түйсікпен қабылдау, педагогика қабілетінің табыстылығының қажетті шарты болып табылады. Толерантты оқытушы студенттерге жақсы қараса, өз мінез-құлқын қалыптастырудың ерекше тәсілінің арқасында үлкен нәтижеге қол жеткізеді. Қазіргі таңда заманауи жоғары оқу орындарында педагог тұлғасының рөлі айтарлықтай артуда.

Оқытушының арнайы қабілеттері мәселесі бойынша зерттеулерді талдау бірнеше бағыттарда жүргізілгенін көрсетеді:

- оқытушының педагогикалық қабілеттілігінің жекелеген түрлерін зерделеу;
- оқытушының арнайы қабілетіне пәндік ерекшелігі мен бағыттылығының әсерін зерттеу;
- оқытушылардың қабілеттері мен педагогикалық толеранттылығының өзара байланысын анықтау;
- оқытушының кәсіби қалыптасуын зерттеу.

Осы орайда, Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясының ашылуында Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлттық бірлік-біздің стратегиялық таңдауымыз» деген тақырыптағы баяндамасында былай деген: «Ең алдымен білім мен тәрбие беру жүйесі арқылы, бұқаралық ақпарат құралдарында этносаралық қарым-қатынастар тақырыбын әдепті жазу арқылы, қазақстандықтардың құқықтық мәдениетін арттыру арқылы азаматтық біртектілікті, қазақстандық қоғамдағы толеранттылықты дамыту қажет.

Қазіргі жоғары оқу орындарындағы басты мәселенің бірі – педагогикалық талеранттылық қатынастардың қаралуы, білім алушыларды «жақсы және жаман» деп бөлмеу, әртүрлі көзқарасты адамдарды ынтымақтастыққа шақыру. Жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылардың кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерінің тәжірибелік маңыздылығына байланысты төзімділік (толеранттылық) мәселесі Қазақстандық ғылымдарда зерттелуде. Мәселен, толеранттылық мәселесін әлеммен белсенді қарым-қатынастың нысаны ретінде қарастырады. Ол басқа адамдардың пікіріне, мінез-құлқына және сеніміне толеранттылық қатынаста, әлеуметтік өмірдің көп өлшемділігін тану және есепке алуда көрінеді. Педагогикалық толеранттылық бұл – педагогтың өз әріптестері мен студенттерге түсіністікпен қарап, олармен төзімді қарым-қатынас жасауының белгісі. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны анық. Сол сияқты педагогикалық толеранттылықта оқытушының арнайы қабілетінің арқасында сана-сезімінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстандағы педагогикалық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз. Педагогикалық толеранттылықты үлкен құндылық десек қателеспейміз.

Психологияда педагогикалық толеранттылықтың мазмұны жөнінде нақты бір анықтама жоқ. Бұдан біз педагогикалық толеранттылық мәселесін оқытушының арнайы қабілетін дамытуды психологиялық маңызды ерекшелік ретінде талдауға мұқтаж екенін аңғардық.

Осы мәселелерді қарастыру қажеттілігі оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға, педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін оңтайлы деңгейін қамтамасыз етуді жетілдірудің негізгі бағыттарын анықтауға және Қазақстан Республикасында «Педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» жаңа әдістемелік жолдарын ғылыми негіздеуге мүмкіндік берді, бұл жағдайлар осы зерттеудің тақырыбын, мақсатын және міндеттерін таңдауға себепші болды.

Зерттеу мақсаты:

Оқытушының психологиялық қасиеттерін және оның арнайы қабілет тәжірибесін талдау негізінде жоғары оқу орнының және мектеп оқытушыларының педагогикалық толеранттылық ерекшелігін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың бастапқы деңгейін анықтау.
- Оқытушылардың арнайы қабілетін кәсіби қабілет деңгейімен байланысын ашу.
- Отандық және шетелдік педагогика және психологиядағы педагогикалық толеранттылық сипаттамаларын түсінудің негізгі теориялық тәсілдерін анықтау.
- Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға сабақ беру және тәрбиелеу іс-әрекетінің нәтижелілігіне педагогикалық толеранттылықтың әсерін анықтау.

және оның қызметінің барысында маңызды психологиялық ерекшелік ретінде негіздеу.

– Пән оқытушының арнайы қабілеттеріне теориялық-тәжірибелік психологиялық талдау жүргізу, арнайы қабілеттердің гипотезалық теориялық моделін әзірлеу, интегралдық даралық теория арнасында педагогикалық толеранттылықтың психологиялық тұжырымдамасын қалыптастыру.

– Олардың кәсіби қалыптасу кезеңдеріне байланысты әртүрлі пәндер оқытушылардың арнайы қабілеттерінің педагогикалық толеранттылық пен психологиялық құрылымын тәжірибелік анықтау.

– Педагогикалық және пәндік арнайы қабілеттерінің қызметтік өзара қарым-қатынасын зерттеу.

– Оқытушының кәсіби іс-әрекеті барысында арнайы қабілеттерін дамыту ерекшеліктерін ашу.

– Арнайы қабілеттерді детерминациялайтын интегралды даралықтың әртүрлі деңгейлі қасиеттерінің педагогикалық толеранттылықтың кешендерін анықтау.

Зерттеу пәні: Педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны.

Зерттеу нысандары:

Ғылыми жұмыстың зерттеу нысандары:

Ғылыми жұмыстың зерттеу нысандарына Шымкент қаласының орта мектептері және М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті қарастырылды.

Ғылыми жұмыстың зерттеу аясы ретінде: Жоғары оқу орнының оқытушыларының арнайы қабілеті мен педагогикалық толеранттылығы болды.

Зерттеу әдістері:

– ЖОО оқытушыларының педагогикалық қабілеттерін диагностикалау әдісі;

– «Педагогикалық қабілеттілік» тестілеу әдісі;

– Е.А. Климовтың «Педагогикалық мамандыққа бейімділігін дифференциалды диагностикау сауалнамасы» (DDO) әдісі;

– Қызметкерлердің коммуникативті толеранттылығын анықтау (В.В. Бойко әдісі);

– Г.Л. Бардиердің «Толеранттылық пен Интолеранттылықтың компоненттері мен түрлері» (ВИКТИ) әдісі;

– «Интолеранттылық-Толеранттылық» әдісі;

– «Толеранттылық индексі» экспресс-сауалнама әдісі;

– И.В. Никишинаның «Оқытушының өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан дамыту қабілеті» атты әдісі;

– Коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерді диагностикалауға арналған тестілеу (КОС) әдістері қолданылды.

Ғылыми жаңалығы:

Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері анықталды.

Алғаш рет қазақстандық педагогика, психология ғылымының шеңберінде оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылық мәселесі қарастырылып, іргелі және қолданбалы білімдерді дамытуға мүмкіндік жасалды.

Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылып, жоғары оқу орнындағы педагогикалық толеранттылықтың негізгі бағыттары әзірленді.

Жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу әдістемелері анықталып, зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету бойынша «Педагогикалық толеранттылық психологиясы» бағдарламасы әзірленді

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- Жоғары оқу орнының оқытушыларының педагогикалық қабілеттерін диагностикалау және олардың қабілеттерінің жоғары көрінісіне тікелей әсері;
- Қызметкерлердің коммуникативтік толеранттылығын анықтау және педагогикалық мамандыққа бейімділігін дифференциалды диагностикалау субъект-субъектілік қатынастардың қызметтік, рөлдік, дәрежелік ұстанымдарының нәтижелері;
- Оқытушыларды өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан дамыту қабілеті мен коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерді диагностикалау және дамытуда тренингтік жағдайда ұйымдастырылған арнайы психологиялық пайдалану тиімділігі.

Зерттеудің теориялық маңызы. «Арнайы қабілет», «педагогикалық толеранттылық» ғылыми ұғымдарының мәнін аша отырып, оның дамуы мен қалыптасуы сипатталды. Оқытушының арнайы қабілетті дамытудың психологиялық ерекшеліктері туралы психология білімінің теориялық ережелерін толықтырады, зерттеу мәселесіне байланысты педагогикалық толеранттылық психологиясының мәні мен мазмұнын ашады.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы:

Зерттеуден алынған нәтижелерді оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін дамыту мақсатында жалпы білім жүйесінде, психологиялық орталықтарда, сондай-ақ психолог, педагог мамандарының кәсіби біліктілігін жетілдіру институттарында қолдануға болады. Алынған нәтижелерді психологиялық-педагогикалық тәжірибеде қолдану арнайы қабілетті педагогикалық толеранттылық арқылы дамыту мүмкіндіктерінің тиімділігін жоғарылатады.

«Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктері» тренингтік модулін

оқытушыларға, педагог мамандарына, әсіресе практик-психологтардың тәжірибесінде қолдануға болады.

Жарияланымдар туралы мәліметтер:

Зерттеу нәтижелері бойынша 10 жұмыс жарық көрді, соның ішінде:

- 1 мақала Scopus (CiteScore көрсеткіші 28-процентиль) мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналдарда;
- 1 мақала халықаралық әлеуметтік-гуманитарлық конгресс материалдарында;
- 1 мақала халықаралық ғылыми конференция материалдарында;
- 2 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында;
- 2 мақала шетелдік халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда;
- 3 мақала Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша әдістемелік құрал, оқу бағдарламасы және жұмыс бағдарламасы жазылды.